

МӘРТӨК АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
«НҮР-АЙ БӨБЕК» ЖШС БАЛАБАҚШАСЫ

«БЕКІТЕМІН»

Мәртөк аудандық білім бөлімінің

бұйрығы
«28» ташал 2020ж
№ 275-1

БАҒДАРЛАМА
«Ертегілер еліне саяхат»
(ортаңғы топ)

Сарыжар – 2020 жыл

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында «Ертегілер еліне саяхат» авторлық бағдарламасы талқыланып
пайдалануға ұсынылды.

Хаттама № 1

28 тамыз 2020 ж

«Нұр-Ай бебек» балабақшасының

менгерушін

Нуртазина Ж.А



Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Ертегілер еліне саяхат»
авторлық бағдарламасы макұлданды.



«22» жүлкөн 2020 ж

Сараптама кеңесі төрайымы :

(қолы)

Залмагалиевтің с.Х

(аты-жөні)

«Ертегілер еліне саяхат» бағдарламасына

ПІКІР

«Ертегілер еліне саяхат» бағдарламасы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында құрылған. Бағдарлама мазмұны балаларға театр қойылымдарын тез ұғынуларына бағытталған. Сатылап күрделенуіне байланысты балаларды сахналық қойылымға дағыландыру көзделген.

Бағдарлама балалардың шығармашылық, актерлік, есте сактау, назар аудару қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жинақталған. Эстетикалық талғамдарын арттыруға, ұжымдық қатынаста жауапкершілікке тәрбиелеуге, балалардың көркем өнер қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рольдерді ойнай білу машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Қырышқақ театры – бұл сиқырлы әлем, бала ойнай отырып коршаған ортаны таниды. Театрлық ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады. Қазақ және басқа да халықтардың ертегілері мен әдеби шығармаларының мазмұны арқылы ер (күшті, батыр, камкор) және әйел (мейірімді, нәзік, сұлу, ару) адамдардың жеке қасиеттерін, жан-жануарлардың және құстардың қылыштарының ерекшеліктерін бағалауға, сахналауға үйренеді. Сондай-ақ сахнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі ұстau мәдениетіне тәрбиелейді. Жағымды, жағымсыз әрекетерді ажыратада үйреніп өзі жаман әдеттен аулақ болуға тырысады. Демек, өзі актер, өзі көрермен ролін атқарған бала «болашақта кім болам?» деген сауалға да жауап табады десек қателеспейміз.

«Ертегілер еліне саяхат» бағдарламасы 3-4 жасар балаларға, яғни II кіші, тобына арналған.

Бағдарлама ұйымдастырылған ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар бұл бағдарлама – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын ұйымдастыра отырып, болашақ кішкентай бұлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай билетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерінің кейіпкер ретінде қалыптастырып отырудың маңызы зор.

Пікір беруші:



**Мәртөк ауданы білім бөлімінің
МДҮ әдіскері М.А.Шауменова**

Түсінік хат

Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруды, сөйлеп, тілін дамытуға, сөз құрастырып сөйлеуге, сөздік қорының молауына баса көңіл аудару қажет. Сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын көрсетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Әдеби шығармалардың тілі жеңіл де, көркем, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жана сөздермен байытатында болуы керек.

Баланың тілін дамытудың негізі көркем шығарманың мәтініне ерекше тоқталып өтетін болсақ, 3 -5 жасқа дейінгі балалардың суретті кітаптарды қызыға қарайтын мәлім. Сондықтан оларға суретті көрсетіп, кітапшаларды оқып, мазмұнын айтып беру қолайлы. Бұл жастағы сәбилерге оқиғасы сәтті аяқталып, қорқыныш сезімін тудырмайтын халық ауыз әдебиет нұсқауларын қажет. Мысалы: «Бесік жыры», «Бауырсақ», «Торғай», «Шалқан», «Жеті лақ» т.б. шығармаларын ұсынуға, сондай-ақ «Бауырсақ» ертегісін қуыршак театры арқылы өткізуге болады. Ол үшін алдын-ала дайындық кезінде рөлді бөліп беру, әр кейіпкердің дауысын келтіріп ойнауга үйрету керек. Рөлге бөліп ойнау арқылы бұл ертегі балалардың есінде жатталып қалады. Халық ауыз әдебиетінің бір үлкен тармағы тұрмыс-салт жырлары. Оның ішінде тұсау кесу, бесік жыры балалардың тіліне жеңіл, жаттауға онай, әрі олар қызық болғасын сүйсіне тез жаттайды. Осындай өлең жырларды үйреткен кезде қуыршақты бөлеп, әлдилеп айтқызыса бала есіне тез сақтайды.

Бағдарламаның мазмұны:

Халық ауыз әдебиетінде баланың ойының ұшқыр, қиялышының өткір зерек болып тілінің бай, еркін тілід болуына ертегілердің тигізер әсері мол. Өз іс-тәжірибесінде оқыту іс-әрекеті үстінде әртүрлі көрнекі құралдарды түрлендіре пайдаланудың әсері мол. Өйткені олар арқылы балаларды қызықтырып, өзіңе тарту да қынға соқпайды. Ертегілерді әуелі суретарқылы түсіндіріп аламын, кейін ондағы кейіпкерлерге қыскаша мінездеме беремін. Балалардың білген ертегісін есте сақтап жүргөї үшін, ертегіні қайта-қайта әңгімелей беру оларды жалықтырады, сондықтан да қуыршақ театрын көп колдану тиімді. Ал ертегі кейіпкерлерін өздерін сомдату, рөлге бөліп ойнату, олардың ертегіні қызыға тындалап, қызықтыра әңгімелуеүіне әсерін тигізеді.

«Ертегілер еліне саяхат» бағдарламасының қолдану мерзімі: 1 жыл, II кіші топ (3-4 жас) балаларына арналған. Жалпы сағат саны- 36 сағат, аптасына 1 сағаттан өткізілуға жоспарланып, «Коммуникация» білім беру саласына кіріктірілді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут,

Бағдарламаның өзектілігі: қоршаған әлем туралы, адами сезімдер мен қарым-қатынастар туралы түсініктерін кеңейту. Шығармалардың мазмұнын балалардың жеке тәжірибелерімен, олардың құнделікті өмірі мен қоршаған ортасымен сәйкестендіруге үйрету. Халық ауыз әдебиеті шығармалары мен балалар әдебиетіне қызығушылығын арттыру. Шағынтақпактар мен өлеңдерді жатқа айтуға, оларды санаудауға қатысуға ықыластарын арттырып, қолдау көрсету.

Бағдарламаның мақсаты:

Халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Көркем әдебиетіне қызығушылын арттыру.

Бағдарлама міндеттері:

- Халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті арқылы адами қарым-қатынас әлемін таныстыру;
- балаға айналасындағы адамдардың сырт бейнесін қаншалықты әртүрлі болса, мінез-құлқы да соншалықты әртүрлі болатындығы туралы түсінік беру. Адамдармен сенімді қарым-қатынас құра білуге үйрету;
- ертегі, өлең, әңгімелерді тыңдауға, ондағы оқиғалардың өрбүйн бақылауға, шығарманың мағынасын түсінуге кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға тәрбиелеу

Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы күтілетін нәтиже:

Ортаңғы топ бүлдіршіндеріне ауыз әдебитінен ертегі, әңгімелерді тыңдап, өлең шумақтарын жаттап тілін, ойын, қиялын, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруға, қызығушылығын арттыруға бағытталған. «Ертегілер еліне саяхат» атты бағдарлама ортаңғы топ бүлдіршіндеріне ұсынылады.

Тақырыптық жоспар

II кіші топ

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1-2	Ертегі сыр шертеді	Балалардың ертегілер туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажыраты білуге үйрету. Сөздік қорларын молайтуға назар аудару. Суретті кітапша арқылы ертегі көрсету. Ертегіге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	2
3-4	«Көңілді қуыршақтар» Үстел үсті театры	Балалардың коршаған орта туралы білімдерін кеңейте түсу. Заттар театры, қуыршақтары туралы балалардың түсініктерін тереңдету. Заттардың атауларын іс-әрекеттерін белгілерін атау барысында балалардың сөздік қорын молайту. Ертегінің мазмұнын дұрыс тыңдалап түсіне білуін қалыптастыру.	2
5-6	«Қуыр, қуыр, қуырмаш»	«Біз үйде нешеуміз?», «Қуырмаш» шағын тақпақтары арқылы саусақ театрымен таныстыру, балалардың ойыншықтарды пайдаланып кейіпкерлер мінез-құлқын баяндауда көңіл- күйін білдіре қимылмен сәйкестендіре әрекет ету икеміне машиқтандыру.	2
7-8	«Тұлкішек пен сұр көжек»	Халық ауыз әдебиеті шығармаларына деген қызығушылығын арттыру. Саусақ ойындары арқылы саусақ театрының ойыншықтарын пайдаланып, кейіпкерлер мінез-құлқын баяндауда көңіл- күйін білдіре қимылмен сәйкестендіре әрекет ету икеміне машиқтандыру.	2
9-10	«Бауырсак» ертегісі	Балаларға «Бауырсак» ертегісін оқып түсіндіру. Ертегіні басынан аяғына дейін ынтамен қызыға тыңдауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін жеке жеке даралап түсіндіре отырып, балалардың үстел үсті театры арқылы ертегіні көрсетуге ынталандыру, ойыншықтарды қозғалтып, кейіпкерлердің дауыс ырғактарын көлтіре отырып, сөздерін қайталауға жаттықтыру.	2
11-12	Сахналау: «Бауырсак ертегісі»	Ертегінің мазмұнын кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұғынуға үйрету. Оқиға желісін бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауға деген құштарлығын арттыру. Әр бала өзіне берілген рольді дұрыс ойнауға және әндерін нақышына келтіріп айтуда үйрету. Балалардың таетрлық ойындар өнеріне қатысуға қызығушылығын арттыру.	2
13-14	«Жемістер айтысы».	Ертегіні қуыршақ – марионеткалармен көрініс көрсету арқылы таныстыру. Кейіпкерлер көңіл- күйіне қарай қимыл-әрекетке келтіру әрекеттеріне қызығушылық тудыру. «Бақшадағы қарақшы» музикалық қимылды ойыны арқылы қарапайым би қимылдарын үйрету, қимыл қозғалыс белсенділігін	2

		дамыту.	
15-16	«Шұбар тауық» ертегісі	Күйршак театры арқылы балаларды ертегінің басынан аяғына дейін зейін қойып тыңдай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. Шығармашылық күлшіністарын арттыру. Балалардың сахналану ойындарына қызығушылығын арттырып, оған белсенді қатысына, эмоционалды қабылдаудың ынталандыру. Балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін дамыту.	2
17-18	Саханалау. «Шұбар тауық » ертегісі	Баланы ертегі мазмұнын естеріне түсіріп. Сұраққа жауап берे білуін қадағалау. Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін, атрибуттарын көрсете отырып осы ертегінің ойнайтындығын айтуды, қызықтыру. Кейіпкерлердің дауды екпінін, ыргағын, қимыл-қозғалысын сала білуге үйрету.	2
19-20	Орманға саяхат	Балаларға сөз тіркестерін эмоционалды айтуда үйрету, табиғатқа қамқорлық көзқарасын тәрбиелеу, табиғат әсемдігін көруге, сезінуге баулу. Қиялдың, шығармашылық қабілеттерін, ассоциативтік ойлауды дамыту.	2
21	«Біз ойнаймыз, ән айтамыз»	“Маша мен аю” (ертегі желісі бойынша) сыйызғыда ойнауды ым ишараммен көрсетуге үйрету, музыкалық ойыншықтармен ойнауда қызығушылығын ояту. Балаларды қарапайым би қимылдарын орындауда ынталандыру.	1
22	«Мысығым»	Балаларға ойын жаттығулар арқылы өздерін шығарма кейіпкерімен сәйкестендіруге үйрету, зейінің дамтыу, сөз бен қимыл қозғалысты үйлестіруге жаттықтыру, қоршаған орта туралы білімдерін бекіту.	1
23-24	«Үйшік» ертегісі	Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету. Ертегідегі оқиға желісін бұзбай, эмоциялық сезіммен қабылдауда дағдыландыру. Кейіпкерлердің өзара іс-әрекеттерін байланыстырып айта білуге үйрету.	2
25	«Үйшік» ертегісін сахналану	Балаларға ойын жаттығулар арқылы өздерін шығарма кейіпкерімен сәйкестендіруге үйрету, зейінің дамтыу, сөз бен қимыл қозғалысты үйлестіруге жаттықтыру, қоршаған орта туралы білімдерін бекіту. Әдеби шығарма мазмұнын бейнелі түрде толық түсіну мүмкіндігін қамтамазыз ету.	1
26-27	«Қоянның үйшігі» ертегісі	Балаларды конустық театрының ойыншықтары арқылы ертегінің мазмұнымен таныстыру. Ертегіге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап беруге ынталандырып, сөздік қорларын молайту. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	2

28	«Кү тұлқі»	Балаларға ертегі кейіпкерінің дауыс екпінін, ырғағын, қимыл-қозгалысын сала білуге үйрету. Қарым қатынас жасау дағдыларын дамыту, сөйлеуді пластикалық қимылдармен үйлестіре білуге, сахналau ойнына белсенді қатысуға ынталандыру.	1
29-30	«Жеті лақ» ертегісімен танысу	Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету. Ертегідегі оқиға желісін бұзбай, эмоциялық сезіммен қабылдауға дағыландыру. Кейіпкерлердің өзара іс-әрекеттерін байланыстырып айта білуге үйрету.	2
31-32	Күйршақ театры «Жеті лақ»	Балаларға таныс ертегіні қүйршақ театры арқылы ойнауға болатынын айтып қызыгушылықтарын арттыру, әртістік қабілеттерін одан әрі қарай жетілдіру. Ертегі мазмұнын айта отырып, қимыл – қозгалысын дұрыс ойнауын қадағалау. Берілген рольді өз нақышымен ойнау.	2
33-34	Күйршақ театры «Санырау құлақтың саясы»	Ертегіні үстел үсті театры арқылы орынданай білуге үйрету. Бұл арқылы баланың ақыл ой білімі күшінеді. Сөздерін жаттау арқылы тіл байлығы молаяды. Қорініс арқылы балалармен жұмыс ұжымдық қарым-қатынасқа түсү. Адамгершілікке, сыйластыққа, бауырмашылыққа тәрбиелеу. Ойын «Қай ертегіден?»	2
35-36	«Алақай, біздергеңонақ таркелді»	Балалардың бойында эмоционалдық еңілдікүйін ояту, мимика және қимыл-қозгалыстың қарапайымдағыларында мытаотырып, сөз бер қимылды үйлестіруге жаттықтыру. Зейініндамыту. Балаларға кімдер қонаққа келгенін, оларды қалай қарсы алуын, қоштасуын үйрету. Мейірімділікке, бауырмалдылыққа баулу.	2
	Барлығы		36 сағат

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.** Артемова Л. «Театрализованные игры дошкольников» 2010 ж.
- 2.** Әлімбаев М., Қ. Баянбаев. «Шынашак» кітабы. Алматы «Балауса» 1992
- 3.** Бала мен балабақша журналы №4. 2011ж.
- 4.** «Ерте, ерте, ертеде....» Балалар кітапханасы. «Жазушы» 1988ж .Алматы «Аруна» баспасы 2010ж.
- 5.** Жаттамақ. «Балауса» баспасы 1994ж.
- 6.** Отбасы және балабақша №5.2010ж, №2.2011ж, №6 2009
- 7.** «Көнілді жауапқұмар» Аруна баспасы. 2008ж.
- 8.** Қазақ халық ертегілері. Хрестоматия (3-4 жастағы балаларға арналған)
Құрастырғандар: Нұсіпбекова М.И. Саметова С.А.
- 9.** «Сүйкімділер» Бала баспасы. 2009ж.
- 10.** «Сиқырлы театр» Әртүрлі жастағы балаларға арналады. Шымкент «Шикула и К» 2005г